

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 қыркүйектегі N 912 қаулысы
Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) "N 1 Нан базасы", "N 2 Нан базасы", "N 4 Нан базасы", "N 5 Нан базасы", "N 6 Нан базасы", N 7 Нан базасы өкілдіктерінің мүліктік кешендерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне беруді қамтамасыз етсін. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1373 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті тапсыру есебінен Корпорацияның жарғылық капиталын ұлғайтуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі